

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № а-2/82 қаулысы. Ақмола облысының Эділет департаментінде 2014 жылғы 14 сәуірде № 4095 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № а-5/180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 01.07.2015 № а-5/180 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Қаулыға өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 30.10.2014 № а-9/409 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 7 ақпандағы № 5С-26-5 "Ауылдық жерде жұмыс атқаратын азаматтық қызметшілер болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет салалары мамандарының лауазымдық тізбесін келісу туралы" шешімінің негізінде, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. "Жақсы ауданының бюджет қаражатының ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандарына тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақыларын жиырма бес пайызға көтеру құқығына ие мамандардың лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" Жақсы ауданы әкімдігінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-13-149 тіркелген, "Жақсы жаршысы" газетінде 2012 жылдың 30

наурызында жарияланған) 2012 жылғы 20 ақпандағы № А-1/70 қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жақсы ауданы әкімінің орынбасары Л.Ш.Сейдахметоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жақсы ауданының әкімі	Қ.Сүйіндіков
"КЕЛІСІЛДІ"	
Жақсы аудандық	
мәслихатының хатшысы	Б.Жанәділов

Жақсы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 27 наурыз
№ а-2/82 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметші болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің менгеруші, әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік қызметі жөніндегі консультант, арнайы әлеуметтік қызметтерінің керектігін бағалау бойынша маманы.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

қазыналық кәсіпорының, мемлекеттік мекемесінің басшысы және басшының орынбасары, барлық пәндер мұғалімі, тәрбиеші, әдіскер, музикалық жетекші, көркемдік жетекші, педагог-психолог, вожатый, өндірістік оқыту шебері, дene шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, қосымша білім беру оқытушысы, әлеуметтік педагог, дефектолог, логопед, кітапхана менгеруші, кітапханашы, медбике, емдәмбике.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорының басшысы, кітапхана менгеруші, клуб менгеруші, сүйемелдеуші, музикалық жетекші, кітапханашы, библиограф, әдіскер, хореограф.